

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Биржалық кеңесінің шешімімен

**бекітілді**

(2021 жылдың 14 мамырындағы  
№ 09 отырыс хаттамасы)

2013 жылдың 01 мамырынан бастап

**қолданса енгізілді**

**Банктік операциялар жүргізу кезіндегі  
комиссиялық алымдар туралы**

---

Алматы қаласы

2012 жыл

1. Қазақстан Республикасының банктік заңдарымен және ұлттық және шетелдік валютада қарастырылған банктік операцияларды жүргізуге лицензиясы бар "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай – Биржа) ішкі құжаты:
  - 1) Қазақстан Республикасының банктік қызмет туралы, төлемдер мен аударымдар туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамаларына, сондай-ақ Биржаның жарғысы мен өзге ішкі құжаттарына сәйкес келеді;
  - 2) Биржаның банктік операцияларды жүзеге асыру нормаларын орындау үшін әзірленген;
  - 3) Биржаның банктік қызметіне комиссиялық алымдарының көлемін анықтайды;
  - 4) банктік қызмет көрсеткені үшін комиссиялық алымды алу тәртібі мен шарттарын анықтайды.
2. Осы ішкі құжатпен анықталмаған немесе қарастырылмаған мәселелер, процестер мен тарифтер Биржаның өзге де ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шешіледі және анықталады.
3. Осы ішкі құжатта пайдаланылатын негізгі түсініктемелер Қазақстан Республикасының банктік қызмет туралы нормативтік құқықтық актілерінде, төлемдер мен аударымдар, бағалы қағаздар, сондай-ақ Биржаның өзге де ішкі құжаттарында анықталған түсініктермен бірдей.
4. Биржа банктік емес ұйым ретінде клиенттерден банктік шоттарын жүргізгені үшін және олар бойынша жекелеген операцияларды жүзеге асырғаны үшін комиссиялық алымдарды ұстайды.

Биржаның жекелеген банктік қызметі үшін комиссиялық алымдардың көлемі, сондай-ақ оларды ұстау шарттары осы құжаттың қосымшасында анықталған.
5. Осы құжаттың қосымшасында көрсетілмеген (қарастырылмаған) операциялар, оның ішінде кез-келген клирингілік жүйенің тапсырмалары бойынша операцияларды Биржа (оның есептік бөлімшелері) тегін жүзеге асырады.
6. Биржа өздерінің клиенттерін комиссиялық алым көлемінің өзгеруі туралы жаңалықты және Биржаның интернет-ресурсында тиісті ақпаратты оның күшіне енгенге дейін он жұмыс күні бұрын орналастыру арқылы хабарлайды.
7. Биржа клиенттері комиссиялық алымдарды ай сайын, мерзімі өткен күнтізбелік ай үшін, Биржаның клиенттеріне мерзімі өткеннен кейінгі күнтізбелік айдың басында жіберілген (ұсынылған) биржалық шоттары негізінде төлейді және оларды ұсынған күннен бастап, бес жұмыс күні ішінде төлейді.
8. Биржа клиенті комиссиялық алымды төлемегені, толық төлемегені немесе уақытында төлемегені үшін осы клиенттен Биржа осындай төлемді мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін Биржаның осы алымдарды төлеуіне байланысты соманың 0,1 % тұрақсыздық айыбын алуға құқылы.

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген тұрақсыздық айыбын төлеу Биржа мүшесін Биржаның көрсеткен банктік қызметі үшін комиссиялық алымын төлеу міндетінен босатпайды.
9. Биржа клиенттің банктік шотын тікелей дебеттеу арқылы көрсеткен банктік қызметіне және (немесе) өзге де қызметіне комиссиялық алымды ұстауға, сондай-ақ Биржаның ішкі құжатында қарастырылған көлемде, шарттармен және тәртіппен аударылған (ұсынылған) тұрақсыздық айыбын ұстауға құқылы.

Биржа клиенттің банктік шотын тікелей дебеттеуді Биржаның қызметін төлеу үшін клиентке ұсынылған кезеңі аяқталған соң жүзеге асырады.
10. Ақша аудару және комиссиялық алымдарды төлеу мәселелері бойынша даулар мен келіспеушіліктер Биржаның банктік операцияларды жүргізу ережелерінде анықталған тәртіппен шешіледі.

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
 "Банктік операцияларды жүргізуге  
 комиссиялық алымдар" ішкі құжатына  
**қосымша**

**Банктік операцияларды жүргізуге комиссиялық алымдар<sup>1</sup>**

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ**

№	Банктік операциялар түрі	Комиссиялық алым түрлері	Өндіру шарттары
1.	Осы шот бойынша операциялар болған жағдайда банктік шотты жүргізу	1 АЕК <sup>2</sup>	әрбір шот бойынша, ай сайын
2.	Осы шот бойынша операциялар болмаған жағдайда 12 (он екі) бірізді айлық банктік шотты жүргізу	3 АЕК	әрбір шот бойынша, 12 (он екі) бірізді айдың қорытындысы бойынша
3.	Қағаз тасымалдауышта банктік шот бойынша үзінді жазба немесе өзге де есеп ұсыну	0,1 АЕК	әрбір құжат бойынша
4.	Клиентті көрсету уақыты астана уақытымен сағат 09-00 -ден 18-00-ге дейін	0,01 % (мин. 0,15 АЕК, макс. 1 АЕК)	аударым сомасынан, әрбір аударма бойынша
5.	Биржаның операциялық күні ішінде нұсқауларды алу немесе тоқтата тұру (Биржада техникалық мүмкіндік болған жағдайда)	0,10% (мин. 1 АЕК, макс. 2 АЕК)	аударым сомасынан, әрбір аударма бойынша
6.	Төлем деректемелерін өзгерту, анықтау	0,25% (мин. 2 АЕК, макс. 3 АЕК)	аударым сомасынан, аударым туралы әрбір жаңартылған құжат бойынша
7.	Жүргізіліген аударымдар бойынша тергеулер (клиенттің кінәсі бойынша деректемелері дұрыс болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда)	0,25% (мин. 2 АЕК, макс. 3 АЕК)	жүргізілген аударым сомасынан

<sup>1</sup> Осы кестеде көрсетілмеген (қарастырылмаған) операцияларды, оның ішінде клиринг жүйесінің кез-келген тапсырысы бойынша Биржа (оның есеп айырысу бөлімшесі) ақы төлемей жүзеге асырады.

<sup>2</sup> АЕК – Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, мәні Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңдарымен тиісті жылдарға арналған зейнетақы, жәрдемақы және өзге де әлеуметтік төлемдерді, сондай-ақ айыппұл төлемдері, салық және басқа да төлемдерді есептеу үшін айлық есептік көрсеткіш.